

# БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

1 Қараша 2012 г.

## Халықаралық жоба Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қауіпті химиялық заттардың әсерінен қорғауға көмек береді

**АСТАНА** - – Бүгінгі таңда Қазақстандағы мемлекеттік емес ұйымдар –Қарағанды ЭкоМұражайы және Қауіпсіз Экологиялық Технологияларды Енгізу бойынша Орталығы Арника (Чехия Республикасы) МЕҰ-мен бірлесіп бастау алған жаңа халықаралық жобаның басты мақсаттарының бірі – бұл қауіпті химиялық заттармен ластанған аймақтарды анықтау. Сонымен қатар олар қауіпті материалдарды қалай қолданып, денсаулықтарын қалай қорғау керектігі жөнінде азаматтарды ақпараттандырады. Жоба аясында осы саладағы орын алған мәселелерді шешу бойынша мемлекеттік билік органдарына арналған кепілдемелер әзірленеді және басылып шығады. Ұзақтығы 30 айға созылатын бұл жоба Еуропалық Кеңестің қолдауымен жүзеге асырылады.

*«Біздің халықаралық тәжірибеміз Қазақстандағы бірқатар күрделі мәселелерді шешуге септігін тигізіп, адамдардың денсаулығын қорғауға көмегін береді деп үміттенеміз. Елдеріміздің арасындағы идеялармен алмасу, әрине, серіктестерді де екі жақтан байытады»,- дейді Арника Чехия ұйымының тарапынан жоба үйлестірушісі **Мартин Скальский**. «Еуропалық Кеңестің экологиялық таза технологияларды енгізу саласында тәжірибесі мен білімі мол және ол қатаң стандарттарды ұстанады», - деп мәлімдейді Қазақстан Республикасы атынан жоба үйлестірушісі **Дана Ермолёнок**.*

«Қазақстан Республикасында химиялық қауіпсіздікті жақсарту бойынша азаматтық қоғамның құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту» деп аталатын жоба Қазақстандағы азаматтық қоғамның тұрмыс сапасын жақсарту бойынша мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Негізгі мақсаттардың бірі – халықтың ақпаратқа қол жетімділігін жақсарту және химиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардарлығын арттыру. Бұл жергілікті қауымдастықтардың қоршаған ортаның химиялық ластануынан өздерін қорғай білулері үшін және өз тұрмыстарына тікелей қатысты мәселелерді шешу үрдісіне қатыса алуы үшін аса қажет. Сондай-ақ жобада экологиялық ұйымдардың әріптестігін нығайту және әлеуетін арттыру, сонымен қатар химиялық қауіпсіздік пен жоба тәжірибесін тарату үшін нұсқа ретінде қолданылатын үлгілермен байланысты заңнамадағы өзгерістерді ынталану қарастырылған. Сонымен қатар ластанған жерлерде сынақтардың іріктелуі мен талдауы жүргізіледі.

Еуропалық Кеңес жобаға 247 834 евро мөлшерінде қаражат ұсынды. Азаматтық қоғамдар үшін жоба аясында жалпы сомасы 12 000 евро болатын 1500-ден 3000 евроға дейін мөлшерде гранттар қарастырылған. Жоба Қарағанды, Павлодар, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында жүзеге асырылады.

*Қосымша ақпарат үшін: Вратислав Возник (Арника), [vratislav.voznik@arnika.org](mailto:vratislav.voznik@arnika.org), моб. +420 606 727 942, тел./факс +420 222 781 471, **Дана Ермолёнок** (жобаның Қазақстандағы үйлестірушісі), [ecodrom.center@gmail.com](mailto:ecodrom.center@gmail.com), моб. +7 7015 138 212, тел./факс +7 721 241 3344, немесе Қазақстан Республикасындағы ЕК Өкілдігінің жұртшылықпен байланысы бойынша жауапты **Карла Жаманкулова** [karlygash.jamankulova@ec.europa.eu](mailto:karlygash.jamankulova@ec.europa.eu) электрондық пошта арқылы хабарласуларыңызды өтінеміз.*



Бұл жоба Арника ұйымымен іске асырылады

Arnika – Toxics and Waste Programme, Chlumova 17, 130 00 Prague 3 The Czech Republic  
Tel./fax: +420 222 781 471  
e-mail: [arnika@arnika.org](mailto:arnika@arnika.org)



Бұл жоба Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігімен қаржыландырылады  
Космонавтов көш., 62 үй  
Астана 010000  
Тел.: (7172) 97-10-40  
Факс: (7172) 97-95-63



Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 27 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.

